



Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10890 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аңшылық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысаны бекітілсін.

2. "Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы № 246-ө бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8648 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 203 (28142) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

(аңшылық шаруашылығы субъектісінің атауы)

20__ жылға арналған аңшылық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспары

Р/с №	Іс-шаралар атауы	Оның ішінде тоқсандар бойынша				Жиыны
		1	2	3	4	
1. Аңшылық алқаптарды қорғау						
1.	Аңшылық алқаптарды қорғау жөніндегі іс-шаралар өткізу (километр/мың теңге)					
2.	Аншлагтар, паннолар, трафареттер, маңдайшалар орнату және жаңарту (дана)					
3.	Жануарлар дүниесіне жанашырлықпен қарау идеяларын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау (мақалалар, буклеттер шығару, сұхбат) (дана)					
4.	Қорықшылық қызметті арнайы киіммен, жанар-жағармай материалдарымен, қызметтік қарумен, байланыс құралдарымен қамтамасыз ету (дана/теңге)					
2. Жабайы жануарларды есепке алу						
5.	Жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алуды жүргізу (километр (гектар)/мың теңге)					
3. Өсімін молайту іс-шаралары						
6.	Тұз жалау орындарын жасау және жаңарту (дана)					
7.	Тұз сатып алу және орналастыру (килограмм)					
8.	Қосымша қоректендіру алаңқайларын жабдықтау (дана)					
9.	Жем астауларын жасау және орнату (дана)					
10.	Бұдан бұрын орнатылған жем астауларын жөндеу (дана)					
11.	Шөп дайындау және салу (тонна)					
12.	Астық қалдықтарын дайындау және шашу (килограмм)					
13.	Жемшөп танаптарына тұқым себу (гектар)					

14.	Жасанды су айдындарын құру (дана)					
15.	Қоректік шөптер өсіру (гектар)					
16.	Жануарлар дүниесі объектілерін жерсіндіру, жануардың түрі (дана)					
17.	Жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда өсіру, жануардың түрі (дана)					
4. Аңшылық шаруашылығы іс-шаралары						
18.	Шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыруды жүргізу (гектар/мың теңге)					
19.	Кордондар салу, жолдарды жөндеу, техника сатып алу (дана /километр)					
20.	Қасқырларды, қаңғыбас иттерді ату (дана)					
21.	Тиісті аймақтың ветеринариялық қызметтерімен жабайы етқоректі жануарлардың құтыру ауруына қарсы алдын-ала иммунитеттеу жөніндегі бірлескен іс-шараларды жүргізу (корек арқылы иммунитеттеу үшін брикет-қармақжемдерін тарату дана/гектар)					
5. Пайдалану іс-шаралары						
22.	Дарақтарға спорттық-әуесқой аңшылықты (кәсіпшілік аңшылық) ұйымдастыру және өткізу (мың теңге)					

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 18-04/287 бұйрығына
2-қосымша
Үлгілік нысан

Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 27.11.2020 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 ____ -

20 ____ жж.

(балық шаруашылығы субъектілерінің атауы)

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Оның ішінде жылдар бойынша			Жиыны	Аяқталу нысаны
		20_	20_	20_		
Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін кәсіптік балық аулауды жүргізу үшін бекіту кезінде						
1. Балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту іс-шаралар*						

1.1	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсыныстарына сәйкес шабақтарға балық жіберу					Сатып алу-сату шарты, балық отырғызу материалы үшін ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, түрлері бойынша балық жіберу туралы актілері
1.2	Балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу мыналарды қамтиды:1) қатты өсімдіктерді шабу (гектар);2) түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу (текше метр);3) балықтарды бөлініп кеткен су айдындарынан құтқару (дана).					Аумақтық бөлімшеге растайтын құжаттармен бірге (орындалған жұмыстардың актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы) атқарылған жұмыс туралы есеп беру
1.3	Балықтың жаппай қырылуына қарсы іс-шаралар, оның ішінде қыс кезеңінде ойықтар бұрғылау, кескіндеме ою жүргізу (дана)					
2. Аулау және өңдеу базаларын техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар						
2.1	Балық және басқа да су жануарларының өнімдерін өңдеу бойынша технологиялық жабдықтарды сатып алу, монтаждау және (немесе) жаңарту (мың теңге)					Сатып алу-сату шарты, орындалған жұмыстардың актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
2.2	Арнайы жабдықтарды, көлікті, жүзу құралдары мен аулау жарақтарын сатып алу және (немесе) жөндеу (мың теңге)					
3. Балық ресурстарымен және басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар						
3.1	Қорықшылық қызметін құру, оларды арнайы киім, айырым белгілері мен су және автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, қызметтік қарумен және жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету (мың теңге)					Шарттар, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
3.2	Тірі табиғат объектілеріне және олардың мекендейтін ортасына жанашырлықпен қарау идеясын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау (мақалалар, жарияланымдар саны)					Мақалалар, эфирлік анықтамалар
3.3	Аншлағтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін, трансферттерді және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана)					Орындалған жұмыстар актілері
3.4	Жағалаудағы іргелес белдеуді санитариялық және өзге де нормаларға сәйкес орнату (текше шақырым)					
4. Ғылыми жұмыстар						
4.1	Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жай-күйін жыл сайын зерттеу жүргізу (мың теңге)					Ғылыми ұйымдармен шарт, орындалған жұмыстар актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, мемлекеттік

						экологиялық сараптаманың қорытындысымен биологиялық негіздеме
5. Балық шаруашылығын жүргізудің басым бағыттарын дамыту іс- шаралары						
5.1	Жоспарланған қаражат көлемі бойынша жылына 50 тоннадан аз емес тауарлы балық өсіру**					Сатып алу-сату шарты, орындалған жұмыстардың актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
5.2	Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды дамытуға бағытталған жоспарланаған қаражат көлемі ең төмен 50 айлық көрсеткіш көлемінде (мың теңге)					жұмыстардың актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін әуесқой (спорттық) балық аулау жүргізу үшін бекіту кезінде						
1. Балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту жөніндегі іс-шаралар*						
1.1	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсыныстарына сәйкес шабақтарға балық жіберу					Сатып алу-сату шарты, балық отырғызу материалы үшін ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, түрлері бойынша балық жіберу туралы актілері
1.2	Балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу мыналарды қамтиды:1) қатты өсімдіктерді шабу (гектар);2) түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу (метр3);3) балықтарды бөлініп кеткен су айдындарынан құтқару (дана).					Аумақтық бөлімшеге растайтын құжаттармен бірге (орындалған жұмыстардың актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы)
1.3	Балықтың жаппай қырылуына қарсы іс-шаралар, оның ішінде қыс кезеңінде ойықтар бұрғылау, кескіндеме ою жүргізу (дана)					атқарылған жұмыс туралы есеп беру
2. Балық ресурстары және басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар						
2.1	Қорықшылық қызметін құру, оларды арнайы киім, айырым белгілері мен су және автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, қызметтік қарумен және жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету (мың теңге)					Шарттар, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
2.2	Тірі табиғат объектілеріне және олардың мекендейтін ортасына жанашырлықпен қарау іс-шаралар жүргізу және идеясын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау (мақалалар, жарияланымдар саны)					Мақалалар, эфирлік анықтамалар
2.3	Аншлагтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін, трансферттірді және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана)					Орындалған жұмыстар актілері
3. Балық шаруашылығы іс-шаралары						

3.1	Жағалаудағы іргелес белдеуді санитариялық және өзге де нормаларға сәйкес орнату (шаршы шақырым)					Орындалған жұмыстар актілері
3.2	Әуесқой (спорттық) балық аулау құрал-саймандарын жалға беру және жолдама беруді қоса алғанда (дана) Азаматтарды қабылдау және оларға қызметтер көрсетуге арналған тиісті базаны (лагерді) салу және орналастыру мен құрылысы ***					Ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
3.3	Әуесқой (спорттық) балық аулауға арналған су көліктерінің және автокөліктердің тұрақ орындарын ұйымдастыру (мың теңге)					
4. Ғылыми жұмыстар						
4.1	Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жай-күйін жыл сайын зерттеу жүргізу (мың теңге)					Ғылыми ұйымдармен шарт, орындалған жұмыстар актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысымен биологиялық негіздеме
Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізу үшін бекіту кезінде						
1.	Жыл сайынғы тауарлы балық өсіру (тонна)					Өсірілген тауарлы балықтың саны
Балық шаруашылығы ащы-тұзды су айдындарын және (немесе) учаскелерін кәсіптік балық аулауды жүргізу үшін бекіту кезінде						
1.	Жыл сайынғы тауарлы балық өсіру (тонна)					Өсірілген тауарлы балықтың саны
Ащы-тұзды балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекіту кезінде						
1. Аулау және өңдеу базаларын техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар						
1.1	Артемия циста туындыларын терең қайта өңдеу шеңберінде технологияларды, технологиялық және техникалық қайта жарақтандыру енгізуге жоспарланған қаражат көлемі (мың теңге)					Сатып алу-сату шарты, орындалған жұмыстардың актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
1.2	Артемияларды азықтандыруда технологияларды қолданудағы салынған қаражат көлемі (мың теңге)					
2. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар						
2.1	Қорықшылық қызметін құру, оларды арнайы киім, айырым белгілері мен су және автомобиль көлігімен, байланыс құралдарымен, қызметтік қарумен және жанар-					Шарттар, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы

	жағармай материалдарымен қамтамасыз ету (мың теңге)					
2.2	Тірі табиғат объектілеріне және олардың мекендейтін ортасына жанашырлықпен қарау және идеясын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау (мақалалар, жарияланымдар саны)					Мақалалар, эфирлік анықтамалар
2.3	Аншлагтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін, трансферттірді және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана)					Орындалған жұмыстар актілері
3. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған іс-шаралар						
3.1	Жергілікті жағалау маңындағы аудандарда тұратын ҚР азаматтарына жұмыс орындарын құру (адамдар саны)					Сатып алу-сату шарты, акы төленгені туралы төлем тапсырмасы
3.2	Әлеуметтік іс-шараларды іске асыруға бағытталған жоспарланған қаржы қаражатының көлемі (мың теңге)					
3.3	Жағалаудағы іргелес белдеуді санитариялық және өзге де нормаларға сәйкес орнату (шаршы шақырым) ****					Орындалған жұмыстар актілері

Ескертпе:

* – балық ресурстарының өсімін молайту бойынша іс-шаралар, ащы-тұзды су қоймаларынан басқа барлық су айдындарында ғылыми балық шаруашылығы ұйымдарының ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі.

** – бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, жыл сайынғы тауарлы балық өсіру көлемдеріне өзгерістер енгізілуі мүмкін (қайта бекітілген балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері үшін).

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)